Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар Bilim class-та толтырылған.

2023-2024 оқу жылы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

5.«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен блген құжаттар басшылыққа алынған.

2024-2025 оқу жылы .«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен қолданылады.

5.«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

6.«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

7.«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық

қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) басшылыққа алынған.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Bilimclass-ті толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік компонент бойынша оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттары Bilim class-та толтырылған.

-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 31 тамыз № 137 -н/к бұйрығы, 2023– 2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 01 қыркүйек № 3\13 -н/к бұйрығы, 2024-2025 оқу жылында мектеп директорының 2024 жылдың 02 қыркүйек №19 н/к бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен

Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған.

5_kandyagash_kalalyk_zbbom инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында әкелер мектебі, аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар ер балалар клубы, «Қызғалдақ» қыз балалар клубы, патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Қыран» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. 2023-2024 оқу жылы ҚР Оқу –ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі және 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспардың толыққанды жүзеге асырылуы қамтамасыз етілді. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылданып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы « тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 19 тамыздағы № 252 бұйрықтарының күші жойылды. Жоспарлы түрде біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 10 жоба жүзеге асырылып, жетекші мамандар бұйрықпен бекітіліп, жоспар құрылды. Іс-шаралар жоспар негізінде уақытында ұйымдастырылып өткізілді. «Мектебім -мейірім мекенім», «Отбасым -бақыт мекенім», «Сыбайлас жемқорлық», «Алаяқтыққа жол жоқ» т.б тәрбие бағыты бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. 2023-2024 оқу жылы мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру; балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту; балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. Осы қағидаларды ұстана отырып жоспарға сай іс-шаралар жасалды.

“Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 22 қыркүйек күні “Жалын” мектеп парламентінің сайлауы болып «Жалын» мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында - **218** білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында. Мектебімізде балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2020-2021 оқу жылы аға вожатый Мендіғарина Ақниет Әділжанқызы тағайындалған. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының акпараттары жинақталып, инстаграм

желісіне жарияланған. 2023-2024 оқу жылында аға тәлімгер Меңдіғарина Ақниет Әділжанқызы және 9 сынып білім алушысы Қайратқызы Муслима республикалық жобалар байқауының аудандық кезеңінен 1 орын иегері, аға тәлімгер А.Ә. Меңдіғарина 2023-2024 оқу жылында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен шарада аудан әкімінің алғыс хат иегері. Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының стендісі, Гимні бар.

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2022-2023 оқу жылы	130	83
2023-2024 оқу жылы	Қабылдау болған жоқ	Қабылдау болған жоқ
2024-2025 оқу жылы	Қабылдау болған жоқ	Қабылдау болған жоқ

«Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған "Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!" атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған "Алтын жүрек" челенджіне қатысқан.

2022-2023 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі бойынша 1- әлеуметтік педагог, 2- педагог - психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым - қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты,білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі гимназияның төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

Әлеуметтік төл құжаты бойынша 2022-2023 оқу жылында Отбасы саны 494 болған. Көпбалалы отбасы – 65, балалары -224, толық емес отбасы саны -90, балалары – 114, аз қамтылған отбасы – 35, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 35, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 3, өгей әкемен, анамен бірге тұратын – білім алушы 14, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 9, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 4, 2022-2023 оқу жылдыры бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-2, сәтсіз отбасы-0. 2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 65, толық емес отбасы саны - 31, бала-110, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 3, өгей әкемен, анамен бірге тұратын – 10 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 21, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 5, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2024-2025 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 70, толық емес отбасы саны -40/ 120, жетім бала-1, арнайы санаттағы білім алушы-14, мүгедек бала-25, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 5, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-1. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

2022-2023 оқу жылында «Нұртай мешіті» 5 оқушыға оқу құралдарын, «Уют» сауда орталығы 50 мың көлемінде қаржылай көмек, «ИП Фур» 22 оқушыға мектеп формасы, оқу құралдары, «Лунара» дүкені 5 оқушыға мектеп сумкасын, оқу құралдарын табыстады. «Қуаныш» массаж орталығы 15 мың сертификатын 3 оқушыға, «Еріктілер тобы» қолайсыз және азқамтылған 2 отбасына азық - түлікпен қамтыды. Жалпыға міндетті оқу қорынан 29 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді.

2023-2024 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына Айтжанов Мырзабек ЖК материалдық көмек 50 мың теңге, Изтилеуова Ж ЖК 156 оқушыға 50 мың көлемінде мектеп формасын, оқу құралдарын алып берді. Шалқарова Шолпан 1 оқушыға сумка, оқу құралдарын, Жайлыбаева Алия демеушілік көрсетіп оқу құралдарын, Елжанова Райхан 20 мың теңге 1 оқушыға қаржылай көмек көрсетті. 2024-2025 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы аясында ИП «Наурызбаев» 100 мың теңге қаржылай көмек, ИП «Төлемисова» 40 мың теңге 5 оқушыға оқу құралдары, мектеп формасы, «Нұртай» орталық мешіті 70 мың теңге қаржылай, 1 оқушыға 15 мың сертификат, ИП «Толыбаева» 15 мың теңге, «ҚазақОйл» 100 мың 5 оқушыға қаржылай көмек берді.

Сынып жетекшілермен әлеуметтік педагог үйден оқитын білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қадағалау шаралары жүргізілген.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша -50 сынып жетекші, 2023-2024 оқу жылы 51, 2024-2025 оқу жылы- 50 сынып жетекші тағайындалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	50	41	9
2023-2024 оқу жылы	51	42	9
2024-2025 оқу жылы	50	41	9

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	Педагог
2022-2023	8	20	19	-	-	3
2023-2024	9	18	20	-	-	4
2024-2025	9	18	19			4

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Отбасы – шағын мемлекет екенін түсіндіру, отбасындағы әкенің ролі, тәлім-тәрбиесінің маңызы туралы айта отырып ұлтжанды, мықты, батыр, тәрбиелі, саналы тұлға қалыптастыру мақсатында АӘД жетекшісі Н.Т.Медеубаевпен «Тәрбиелі ұл-абыройлы әке» атты сайыс өткізілді.

Қаңтар айында берілген жоспар негізінде «Өз қолыңызбен сыйлық – ең жақсы сыйлық» Жаңа жылдық онлайн шеберханасы, «Қысқы қиял» шығармашылық жұмыстарының онлайн байқау көрмесі 1-10 кластар аралығында өткізілді. 1-11 кластар аралығында бейне құттықтау «Жаңа жылмен құттықтаймыз және бүкіл отбасымыздан тілейміз!» «Жаңа жыл-отбасылық мереке» фотоколлаждар фестивалі, «Жаңа жыл жұлдыздары» атты чел2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған. 2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. 10 жоба бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. 2024-2025 оқу жылы 2024 жылғы 30 маусымдағы №194 бұйрығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнына өзгертулер енгізіліп, бекітілді.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша «Жалын» парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челенджеріне орай бейнероликтер түсіріліп, «Жеңіс туы желбіресін!» атты челлендж, карттар күніне орай қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі, жалғыз басты қарияларға көмек көрсетілді, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған «Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған «Алтын жүрек» челенджіне қатысқан.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. «Ұшқыр ой» дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жетекшісі А.Шахметқызы. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2022-2023 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларының арасында «Қазақтың 3 биі және қазақ хандығы» пікірсайыс турнир өтті. «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» пікірсайыс турнирі мектеп ішінде ұйымдастырылды. Тукешова Г., Амандыкова Д., Самаев А., Шынбаев А. үздік спикер, үздік кейс номинациялары бойынша марапатталды. 2023-2024 оқу жылы «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат өткізілді. 9 сыныптар арасында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Мамитова Ж. және Жұмаш Ұ. аудандық турнирге жолдама алды. 2024-2025 оқу жылы Ұшқыр ой жобасы аясында оқушылар іріктелді. Жоспарлы түрде жұмыстар жүзеге асырылды. Аудандық хат негізінде Ұшқыр ой алаңы жобасына сай қалалық дебат ұйымдастырылды. Мектептен Болат Ә., Жұмаш Ұ. облыстық 1, 2 орындарды иеленді.

«Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, букросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектеп кітапхана қоры- 45137 дана оқулықтармен, көркем әдебиет және әдістемелік құралдармен жабдықталған. Жаңа оқу жылынан бастап жанартылған бағдарлама бойынша білім беру стандартына сәйкес 2 сынып оқушылары оқитын болады және қосымша 11 сынып оқушылары оқулықтармен 100% қамтылды. Осы жылы оқулықтың келген түсімі- 2305 дана құрады. Сонымен қатар оқу жылының басында мектеп кітапханасындағы оқулықтар әр сыныптардағы оқушыларына түгел таратылып, оның жыртылып бүлінбеуі қадағаланады, оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы ескірілінеді.

Қазіргі таңда кітапханашылардың қолға алған жұмыстарының жаңа түрлерінің бірі- кітапханалық сабақтар. Яғни, оқырмандарға кітап, кітапхана туралы теренірек мағлұматтар беріп, сауаттандыру. Кітаптың шығу тарихы, жасалу жолдары, кітапты күтіп ұстау, оқу мәдениеті, кітаптың түрлері, анықтамалық, энциклопедияларды пайдалана білу, кітапхана мен оқырманның ережесі мен құқықтарын оқырмандарға таныстырып, оқырманның кітапқа, кітапханаға деген қызушылығын арттырады. Осы жөнінде кітапханаға тарту мақсатында мектеп кітапханасында биылғы оқу жылында 1-тоқсанда көптеген тақырыптық кітап көрмелері шығарылды. «Жақсы кітап-жан азығы», «Абай әлемі», «Ой маржаны-кітап» «Ертегілер елінде» Рухани жаңғыру бағдарлама жүзеге асыруға бағытталған міндеттерді орындау мақсатында, №5 ЖББ ОМ кітапханасында «Ұлтымыздың ұлы ұстазы» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Сонымен қатар осы айда мектеп оқушылары «Балалар әлемі» республикалық оқулары байқауына қатысып, аудандық кезеңінде жүлделі 2,3 орындарға ие болды. Оқушыларға берілген

оқулықтардың тазалығы тексеру мақсатында «Қалай өмір сүресің, оқулық?» атты рейд жұмыстары жүргізілді. №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының 2023 – 2024 оқу жылында жалпы қоры – 25903 дана. Оның ішінде оқулықтар саны – 19561, көркем әдеби кітаптар саны – 3428 дана. Жылда оқу жылының басында мектеп оқушыларына оқулықтар тегін таратылып, барлық оқушылар оқулықпен толық қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар мектеп кітапхана қоры жаңа көркем әдеби кітаптармен де толықтырылып отыр. Атап айтар болсақ, 2022 – 2023 жылы – 179, 2023 – 2024 жылы – 342 дана көркем әдеби кітаптар келді. Мұғалжар аудандақ білім бөлімі, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 17 қазандағы №2/4707 шығыс хаты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің хабарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылында оқушыларды электронды оқулықтармен және оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып TopIQ.kz сайтына мектептің 1-11 класс оқушылары мен мұғалімдер тіркелді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында жасалған «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру жөніндегі №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл жобаға жауапты маман ретінде мектеп кітапхана меңгерушісі Б.Е.Абрашева 2021 жылдан бастап мектеп басшысының бұйрығымен бекітілді. Жылда жоспарға сәйкес түрлі жұмыстар жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырады. 2024-2025 оқу мектеп толық оқулықпен қамтамасыз етілді. Барлық кітап саны-28074, соның ішінде оқулықтар 20917, көркем әдебиет кітаптары 3511 дананы құрады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қыркүйек айында «Кітап -білім бұлағы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жоспарлы түрде «Ана тілім -асыл қазынам» атты кітап көрмесі өткізілді.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқықтары туралы конвенция - мен оны білемін бе?», «Кішкентай баланың үлкен құқықтары», «Құқықтар мен міндеттер еліне саяхат» құқықтық білім беру сабақтары, “Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік” бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Мұғалжар ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Б.А. Атабаев және Мұғалжар ауданының ТЖБ бас маманы Оразалин Әділетпен, ПБ жергілікті полиция қызмет инспекторы, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының міндетін атқарушы полиция капитаны З.Б. Кунбасов пен А. У. Туубаева кездесу, «Кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылықтың бірі ретіндегі балалардың қараусыз қалуы, көше кезушілігін алдын-алу шарасына бағытталған іс – шаралар» тақырыбында Мұғалжар ауданы ПБ жергілікті полиция қызмет инспекторы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторының С. Абдыров 5-7 сынып білім алушыларымен кездесу, Мұғалжар ауданы прокуратурасының прокуроры С.К.Тлеулесов Мұғалжар ауданы ПБ ЖПКБ КТІЖ УПИ полиция капитаны З.Б. Кунбасов, Мұғалжар ауданының білім бөлімінің әдіскерлері Ж.А. Айтбаева, Г.К. Нурмағамбетова қамқоршылық кеңестің төрағасы С. Бекбулов «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында кездесулер ұйымдастырылған.

2022 жылдың 15 - 17 қазан аралығында «Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын-алу» бойынша мектепте 1-7 сыныптардың ата-аналарына оқушылардың үйде қауіпсіз жүріп – тұруы бойынша түсіндіру жиналысы өткізілді. Мектеп инспекторы 8-11 сыныптарда оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. 1-6 сынып оқушыларына мектептен тарау кезеңдерінде ата-аналарының алып кету жұмыстарын ұйымдастырдық. 1-11 сынып жетекшілері сабақтан кейін оқушылардың үйлеріне жеткендігі туралы кері байланыс ұйымдастырылды. 1-7 сыныптарға арналған оқушылардың үйге жету жолындағы карта жасалынды. Сауалнама өткізу арқылы оқушылардың үйге қайтатын кездегі қауіпті жерлері анықталды. Картаға жарық орнатылмаған, жарық шамдары жанып кеткен көшелерді белгілеп, және де ата-аналардың сурауы бойынша оқушылар үйге қайтатын жерлерде иттер жүретіні Қандыағаш қаласының әкіміне жарығы жоқ көшелерге жарықтандыру үшін және көшеде жүрген қаңғы иттерге шара қолдануға сұраныс жеберілді.

10-16 қараша аралығында 8-11 кластар «Құқығым бар» оқушылар арасында эссе байқауы өткізілді. 15.11 Ұйымдастырушы педагог; Тәлімгер; парламент мүшелері оқушылармен «Балалық шақты бірге қорғайық» атты челленджі. өткізді. 14 -18 қараша аралығында 1-11 кластарда «Қатыгездік пен

зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» класс сағаттар өткізілді. 10.11-20.11 класс жетекшілер мектеп инспекторымен бірлесіп «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдке шықты. Әлеуметтік педагог Шотбаева С ұйымдастыруымен прокуратура және сот өкілдері «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» онлайн кездесуге шақырылды 10.11-18.11 қараша аралығында 1-11 Сурет пәні мен құқық пәнінің мұғалімдері «Әр баланың құқығы бар-Каждый ребенок имеет право» оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді Осы он күндігіте 1-11 класс оқушылары «Өмір ағашы. Менің шежіремнің тарихы» іс- шараға белсенді қатысты.

Жалпыадамзаттық құндылықтар Күнін өткізу аясында 23 қараша күні 8"Ә" класс жетекшісі Б. Шұлғаубаева "Сүйіспеншілік - адамның басты қасиеті, ақиқат оның негізі, дұрыс әрекет - оның шынайы өмірі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Желтоқсанның 29 -ы күні мектепішілік ата – аналар жиналысы өтті. Негізгі мақсаты: қысқы каникул кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алу.

Күн тәртібінде "Дарынды балалармен жұмыс барысы", "Құқық бұзушылықтың алдын алу" жұмыстары туралы айтылды. Білім олқылықтарын жою, білімнің сапасын арттыру және осы оқушылардың оқу жылында түрлі шектеу шаралары кезінде босансыған білімдерді толықтырып, әр негізгі пән бойынша тиісті оқу материалын әр оқушының білуін қамтамасыз ету мақсатында Қандыағаш қалалық №5 ЖББ ОМ директоры Бердибеков С.К., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Наметова Ж.М, Тулебаева Л.Ж. ата-аналарға жиналыс өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Мектепте оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу мақсатында

«Тәртіпке бас иген құл болмайды.» атты Ауған соғыстың ардагерлерінің қатысуымен 9-11 сыныптарда жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты: Занды әркім білуге міндетті екендігін, сонымен қатар өз құқығын қорғай білуге, өз санасында құқықтық саланы қалыптастыруға тәрбиелеу. Оқушының саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру. Өз іс-әрекетіне жауап беретіндей ой-өрісін кеңейту. Оларға құқықтық тәрбие бере отырып, рухани мықтылыққа, саналы ойлауға, адамгершілікке баулу.

Қорытынды. Балалар, бүгінгі «Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында тәрбие сағатымызда заң, құқық тақырыптарында алған білімдерімізді жинақтап, ортаға салдық. Бұл білім бізге келешекте, өмірде де қажет болады, себебі біз ҚР құқықтық мемлекетпіз. Міне, бүгінгі сайысымызда айтылғандарды саралай келе, еліміздің өркениетті ел ретінде болашақта қарқынды дамуы, қымбатты оқушылар, болашақ жастар сендердің өз қолдарыңда. Жандарына сапалы білім мен салауатты ақылды серік етіп, үйлестіріп мемлекетті алдыңғы уақытта дамытатын сіздер мен біздер. Ендеше М. Әуезов атамыз айтқандай «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, атаның емес, адамның баласы болу керектігін осы бастан ой-зерделеріне салды. 20 қаңтарда мектеп инспекторы мен құқық пәнінің мұғалімі Бакишева Ж.И құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша «Мен неге құқықтымын» атты дөңгелек үстел» өткізілді. Аталған іс-шараға 9-11 сынып оқушылары қатысты. Құқық пәнінің мұғалімі Бакишева Ж.И. Сабақ барысын түсіндірді. Мақсаты: Өзінің құқығы мен міндеттерін түсініп, білу арқылы, өзіне сеніммен қарау. Жасөспірімдердің конституциялық міндеттері мен құқықтары жайлы білімдерін бекіту, құқықтық сананы қалыптастыруға, заңды құрметтеуге, атазаң талаптарын орындауға тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел барысында оқушылар пікір алмасты, сұрақтарға жауап берді, құқық жайлы жеткілікті мағлұмат алды, тақырыпқа сай дайындалған слайдтар ұсынылды. Оқушылар "Менің құқығым" жайлы шағын эссе жазды. Және оны оқып берді.

1-4 класс оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында сурет байқауы өтті. 5-8 класс оқушылары «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты үндеу жасады.

Қандыағаш қалалық №5 ЖББ ОМ дене шынықтыру және АӘД пәндері бірлестігі бойынша алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Н. Т. Медеубаевтың ұйымдастыруымен 7 мамыр "Отан қорғаушылар күніне" орай "Жас сарбаздар" сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 11- сынып оқушылары қатыстырылып, арнайы жаттығулар бойынша сайысқа түсті. Сайыс қорытындысында жеңімпаз оқушылар марапатталды.

9 мамыр "Жеңіс күніне" арналған "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" тақырыбына сурет байқауы ұйымдастырылды. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.К.Алмағамбетова «Бала құқығы» туралы айтып, мектеп психологі М.Суюнтаева балалар өзін қорғау үшін не білу керектігі туралы кеңес берді.

Қандыағаш қалалық № 5 ЖББ орта мектебінде Мұғалжар ауданының 2023 жылғы 18-қаңтардағы қаулысымен бекітілген «2023 оқу жылына арналған Мұғалжар ауданының азаматтық қорғау саласындағы жаттығулары мен машықтандыруларын өткізу жоспарын» орындау мақсатында нысандық машықтандырулар, өрт болған жағдайда эвакуациялық машықтандыру жұмыстары жүргізілді. 13.09.2023ж. мектепте төтенше жағдайлардың алдын- алу бойынша АӘД жетекшісі Н.Т. Медеубаев және Төтенше жағдайлар қызметкерлері 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Оқушыларды қауіпсіз жерге көшіру» оқу –жаттығулар іс-шарасы өткізілді, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп директоры Бердибеков С.К. оқушыларға оқу -жаттығу кезінде бір- біріне мұқият болуды ескертті. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Боранкулова Ж.С және директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Ахметова У.У. қатысты. Қандыағаш қалалық № 5 ЖББ орта мектебінде Мұғалжар ауданының 2023 жылғы 18-қаңтардағы қаулысымен бекітілген «2023 оқу жылына арналған Мұғалжар ауданының азаматтық қорғау саласындағы жаттығулары мен машықтандыруларын өткізу жоспарын» орындау мақсатында нысандық машықтандыру жұмыстары жүргізілді. 13.09.2023ж. мектепте төтенше жағдайлардың алдын- алу бойынша АӘД жетекшісі Н.Т. Медеубаев және Төтенше жағдайлар қызметкерлері 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Оқушыларды қауіпсіз жерге көшіру» оқу –жаттығулар іс-шарасы өткізілді, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп директоры Бердибеков С.К. оқушыларға оқу -жаттығу кезінде бір- біріне мұқият болуды ескертті. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Боранкулова Ж.С және директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Ахметова У.У. қатысты. Облыстық білім басқармасының 08.09.2023 жылғы 1/3973 санды тапсырма хатына сәйкес , мектебімізде 18 қыркүйек күні мектеп инспекторы Алматы Абылайхан Қанатұлы білімалушыларға алаяқтық туралы кинофильм көрсетіп, алаяқтыққа қарсы күрес туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 3. 2023 жылы 14 қараша күні Қандыағаш ст.ЖПБ-нің ППТ-ң полиция полиция сержанты А.Жаппар және Қандыағаш ст.ЖПБ полиция кіші сержанты А.Өтесінов бірлесе отырып, "Тоқтаңыз!басып кету қаупі бар" акциясы аясында №5 Қандыағаш қалалық ЖББОМ" КММ "8-9" сынып арасында жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында, жасөспірімдер қылмыстарының алдын-алу және ескерту, олардың түнгі мезгілде заңды тұлғаларының ілесіп жүруінсіз болуын анықтау сондай-ақ балалардың жарқат алу, жазатайым оқиғалар түсіндірілді. #5 Қандыағаш қалалық ЖББ орта мектебінде Ақтөбе облысының білім басқармасының хатына сәйкес 13-19 қараша күндері "Жол жүрісі қауіпсіздігі" атты апталық аясында іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осы орайда оқушылардың өмір қауіпсіздігі басты назарда болуы шарт. Жаяу жүргіншілер жолағынан өту, көлік құралдары қатынайтын жерде ойнамау, сонымен қатар сақтық шараларын үнемі жадымызда ұстау жөнінде 1-4 сынып оқушыларына толық ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, фото суреттер , ақпараттық паракшалар таратылды. Өткізген: Мұғалжар АПБң ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты А.Қ.Алматы, ДТІЖО А.С.Есмұханова.

2024 оқу жылы Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарына сай 2024 жылғы 04 қыркүйекте №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып оқушыларына Мұғалжар ауданы ЖПҚБ УПИ көмекшісі С.Иманбеков пен ПТТ қызметі инспекторлары Теребай Н, Ә. Ғазиз. жол жүру ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 4 қыркүйек күні кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің заңды өкілінсіз беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау, сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебіміздің директоры Бердибеков.С.К және Мұғалжар ауданы ПБ учаскелік полиция инспекторы көмекшісі полиция кіші лейтенанты Иманбеков Саламат Нұрланұлы түнгі рейдке шықты. 5 қыркүйек күні Мұғалжар аудандық білім бөлімі тарапынан құрылған жоспар негізінде кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің заңды өкілінсіз беймезгіл уақытта жүрмеуін қадағалау, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебіміздің директоры Бердибеков.С.К және Мұғалжар ауданы ПБ учаскелік полиция инспекторы көмекшісі полиция кіші лейтенанты Иманбеков Саламат Нұрланұлы түнгі рейдке шықты. Түнгі тексеріс кезінде мектеп аумағы, саябақтар, азық-түлік дүкендері қаралды. №5 Қандыағаш қалалық ЖББО мектебінде 6 қыркүйек күні біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарына сай құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ПБ қызметкерлерімен бірлесіп 5-7 сыныптар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға мектеп ішіндегі тәртіптері туралы, түнгі мезгілдегі өмір қауіпсіздігі, келенсіз оқиғалардан аулақ болулары туралы айтылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі, ата-ана және ПБ қызметкерлерімен бірлесіп рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың түнгі қаладағы өмір қауіпсіздігін сақтау үшін мектеп аймағын тексеріп, қадағалау жүргізілді. Бұзақылық, қылмыс жасамаулары бақыланды. Беймезгіл уақытта ешқандай құқықбұзушылық анықталмады. Ағымдағы жылдың 9 - қыркүйегінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер бірлесіп рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардың түнгі қаладағы өмір қауіпсіздігін сақтау үшін мектеп аймағын тексеріп, қадағалау жүргізілді. Бұзақылық, қылмыс

жасамаулары бақыланды. Беймезгіл уақытта ешқандай құқықбұзушылық анықталмады. Ағымдағы жылдың 11- қыркүйегінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі мен аудандық білім бөлімі әдіскерлері бірлесіп рейд жұмыстарын ұйымдастырды. Оқушылардың түнгі қаладағы өмір қауіпсіздігін сақтау үшін мектеп аймағын тексеріп, қадағалау жүргізілді. Бұзақылық, қылмыс жасамаулары бақыланды. Беймезгіл уақытта ешқандай құқықбұзушылық.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Отбасы –мектеп» жобасы бойынша «Отбасы-бақыт мекені» апталығы, «Ата-анаңа қоңырау шал» тақырыбында челленджі, «Менің отбасым» асфальтта сурет салу, «Мен отбасыммен мақтанамын» фото сурет көрмесі, "Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі", «Қыз қылығымен көрікті» дөңгелек үстелдер, «Жасөспірімдердің арасындағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу, «Отбасындағы толерантты мінез құлықты қалыптастыру» атты дөңгелек үстел, «Бала құқықтарын құрметтеу және оның тәрбиесіне жауапкершілік» тақырыбында аналар кеңесінің отырысы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция капитаны А.У.Түйебаева әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесімен таныстыру және осы мәселенің қиындығын терең түсіндіру мақсатында «Қызғалдақ» қыз балалар клубы мен аналар мектебі өкілдерімен кездесу, «Жұлдызды сәт» отбасылық викторинасы, «Темекі шегудің, ішімдіктің, нашакорлықтың зияны» тақырыбында әкелер мектебімен кездесу, «Қыз қылығымен көрікті» аналар кеңесі, «Ана мейірімі» тақырыбында әкелермен кездесу, әкелер мектебі ұйымдастыруымен волейболдан, баскетболдан, футболдан, үстел теннисінен жарыстар, «Әке-бәйтерек, бала оның жапырағы» тақырыбында 5-6 сынып әкелері мен ер балалары арасында сайыс, 15 мамыр-Отбасы күніне орай мектеп медбикесі Калимагамбетова Ж, психолог Буркуталиева Ж "Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында 11 сынып қыз балаларымен "Кел, сырласайық" пікірталас сағаты, «Менің әкем-ең жақсы адам» фото суреттер, «Мектептегі бір күн» атты ашық есік күні, «ҰБТ және түлек: сенім, жауапкершілік, қолдау» тақырыбында ата-аналар жиналысы, "Мың алғыс әкеге" атты мерекелік шара, «Баланың өмірлік жетістігіне ықпал етуші факторлар» тақырыбында дәріс – сабақ, отбасы тәрбие бағытында сынып сағаттары өткізілген.

Отбасы күніне орай жоспар бойынша өзін-өзі тану пәнінен ата-аналармен тренинг жаттығулар өткізілді. Халқымызда "Отан отбасынан басталады" деген қанатты сөз бар. Әкенің тағылымын, ананың өнегесін алған баланың болашаққа деген қадамы батыл болады. Мектеп психологы Ж.Б.Буркуталиева сұрақ-жауап, видеоролик көрсету арқылы өткізілген тренинг ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, болашаққа сеніммен қарайтын өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған. "Отбасы-бақыт мекені" апталығы жоспарына сәйкес, мектеп психологі Ш. У. Шалхарова 1-4 сынып ата-аналарымен "Отбасы- өмір аясы" атты мастер класс өткізді. Бұл шара ата-анамен баланың өзара қарым-қатынасын нығайтып, өткенді нығайтып, болашаққа сеніммен қарайтын өнегелі ұрпақ тәрбиелеу. Отбасы күні құтты болсын! "Отбасы-бақыт мекені" атты жоспарға сәйкес 5-7 класс оқушылары арасында отбасы күніне арналған фото коллаж жасалады, "Отбасы-шағын мемлекет" демекші, ата-аналар жанұясындағы қызықты, есте қаларлық сәттері бейнеленген фотосуреттерімен бөлісті. Мектеп кітапханашылары «Кітапханаға саяхат» бойынша оқушыларды аудандық кітапханаға апарып таныстырды. Сонымен қатар «Абайды оқы, танырқа» марафон ұйымдастырылды. «Әкелер» тобының жетекшісі оқушылардың әкелері арасында «Отбасылық тәрбиеде әкенің орны» атты сұхбат жүргізді. Мектеп психологы мен ұйымдастырушы педагог «Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» дөңгелек үстел өткізді. 30 желтоқсан-9 қаңтар аралығында Қысқы каникулға арналған іс-шаралар жоспары негізінде «Қауіпсіз каникул» тақырыбында ПБ-нің қызметкерлерімен 1-11 кластар аралығында онлайн қашықтық кездесулер өткізілді. Өз қолыңызбен сыйлық – ең жақсы сыйлық Жаңа жылдық онлайн шеберханасы, «Қысқы қиял» шығармашылық жұмыстарының онлайн байқау көрмесі 1-10 кластар аралығында өткізілді. «Жаңа жылмен құттықтаймыз және бүкіл отбасымыздан тілейміз!» «Жаңа жыл-отбасылық мереке» фотоколлаждар фестивалі 1-11 кластар аралығында бейне құттықтау жасалды, «Жаңа жыл жұлдыздары» айдарымен 1-10 кластар арасында оқушыларды лендж ұйымдастырылды. Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. 1-10 сынып оқушылары арасында «Қыстың әсем кездері» көрмесі өткізілді. Көрмеге оқушылар аса қызығушылықпен белсенді қатысты.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 «Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы оқу жылдары «100 жаңа есем», « Ұлттық ойындар», "Ұлттық қолөнер - ұлы мұра", "Қазақтың салт-дәстүрлері", "Салтым-санам, Дәстүрім-дәулетім" сынып сағаттары, гастрономиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында "Ұлттық тағамдар", "Қазақтың ұлттық тағамдары" тақырыптарында сынып сағаттары, "Кесте тігу

өнері", "Кестедегі ою-өрнек" «Камзол тігіп үйренеміз» тақырыптарында шебер класстар, «Әжемнің сандығы» сайыс, «Қазақтың ұлттық тағамдарының "фестивалі, Тұрмыс-тіршілікке байланысты салт-дәстүрлер", "Ою - өрнектер", "Қонақжайлылыққа байланысты салт-дәстүрлер", «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», «Өзара көмекке байланысты дәстүр мен ғұрыптар», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық колөнер дәстүрі», «Қазағымның дәстүрлері ай», «Қазақ халқының аңшылық дәстүрі», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер» тақырыптарында сынып сағаттары, мақсатында «Boursak party» челленджі, «Domdyga party» челленджі, «Asyq party» челленджі, #Dastur челленджі, ұлттық тағамдар дайындау челленджі, ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылған.

«Еңбек – елдің мұраты»-жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі», «Мұндай да мамандық бар», «Мен кәсіптер әлемінде», «Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым», «Мамандық таңдау – жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзінде», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандық таңдау – маңызды шешім», «Кемел ұстаздың дара жолы», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіби бағдар беру», «Мамандығым - мақтанышым», «Мамандық таңдау - маңызды іс», «Менің болашақтағы мамандығым», «Мамандық - өмір таңдауы», «Мен таңдаған мамандық», «Мамандық таңдау-маңызды іс», «Мамандық таңдау-ертенді ойлау», «Мамандық — өмір таңдауы», «Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» тақырыптарында сынып сағаттары, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы, «Жарнама жасау өнері» ойыны, Хромтау тау-кен колледжіне, Хромтау ауданының №20 өрт сөндіру бөліміне, Хромтау ауданы жергілікті полиция бөліміне экскурсиялар, «Мамандық таңдау; қабілет, қызығушылық, мүмкіндік», «Әр түрлі және қажетті мамандықтар» тақырыптарында мамандармен кездесулер өткізілген. Білім алушылардың кәсіби бейімделу деңгейін анықтау, кәсіби ой ниетін білу мақсатында 9-11 сынып білім алушыларынан Е.А.Климов сауалнамасы алынған.

